Сабақтың басы	<p>Қызығушылықты ояту кезеңі:</p> <p><i>«Маған рухани күш, яғни адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығы мен діни-сенімі бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады. Адам алдымен рухани жағынан жетілуге қадам жасайды да, содан кейін құдайды мойындайды, оған жақындай түседі.</i></p> <p><i>Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты. Қай діннің болса да өмір сүруге құқығы бар. Ал адамдарда оларды таңдау құқығы, ождан бостандығы болуы тиіс... Құдайға құлшылық ету жас кезде де, егде тартқанда да жарасады.» Н.Ә.Назарбаев</i></p> <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>Бейнефильм Шәкәрім Құдайбердіұлы «Дін туралы»</p> <p>«Әлемдік діндер»</p>	Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын	Ақпараттық мәтін

	<p>Ассосация әдісі:</p> <pre> graph TD A[Христос] --- B[Инжіл] C[Христиан діні] --- D[Храм] C --- E[Католик] </pre> <p>Мәтінмен жұмыс</p> <p>Христиан діні - екінші әлемдік дін. Ол I ғасырда Рим империясының шығыс өлкесінде, дәлірек айтсақ, Израильде (Палестинада) б.д.д. 30-100 ж. еврей және басқа ұлттардың арасында пайда болды. Алғашқы христиан қауымы «қудаланушы» дін болғандықтан, христиандар христиан дінінен басқа діндердің салтына қатыспады. Олар қоғам өміріне де қатыспады, жалпы мемлекеттік мейрамдар принциптерімен өмір сүрді. Мұның бәріне халықтың жоғары топтары қарсы тұрды.. II ғасырдан бастап күл иеленуші жүйесінің дағдарысқа ұшырауы салдарынан, империяның нашарлануын тоқтата алмаған үстем тап дағ-дарысқа түсіп, пессимизмге ұшырады. Жағдайдың қиындығынан, одан шығудың жолын білмеген ауқатты үстем таптың адамдары христиан қауымына кіре бастады. Сол себептен христиан қауымының құрамы өзгерді.. Епископ пен пресвитерлер бірте-бірте қауымға басшылық етуді өз қолына алды. Әр түрлі культті өткізу, уағыз айту, күнделік жұмысты басқару осы адам-дардың қолында болды. Сонымен Шіркеу иерархиясының жоғарғы топтары күл иеленуші мемлекетпен жақындасты. II ғ. аяғы кезінде Христиан діні Рим империясының барлық облыстарына таралды. III ғ. басы кезінде <i>313 жылы Миланда Константин император Христиан дінін</i> ерікті түрде қабылдау жөнінде жариялады. Міне, осы уақыттан бастап Христиан діні ресми түрде үстемдік етуші дінге айналды. Ал, <u>324 жылы христиандықтар ресми түрде Рим империясының мемлекеттік діні деп жарияланды. 325 жылы оның бас-шылығымен Никке қаласында I-ші Бүкіләлемдік христиан шіркеулерінің соборы (съезі) шақырылды. Собор Христиан дінінің негізгі уағыздарына қысқаша түрде қаулы алды. Бұл қаулы</u></p>	<p>жасайды Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады. Дескриптор:</p>	<p>мұқият тындап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Мадақтау сәндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тындап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	--	---	---	---

	<p>Құдайға «сенудің - Никкейлік символы» деп аталды. Сөйтіп, император өкіметі мен христиан шіркеуінің одағы құрылды да, Христиан діні мемлекеттік дінге айналды</p> <p>.</p> <p>Тапсырма Тақырыптық кесте толтыру</p> <table border="1" data-bbox="231 495 882 633"> <tr> <td data-bbox="231 495 555 562">тақырып</td> <td data-bbox="555 495 882 562">мәлімет</td> </tr> <tr> <td data-bbox="231 562 555 633"></td> <td data-bbox="555 562 882 633"></td> </tr> </table>	тақырып	мәлімет					
тақырып	мәлімет							
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті...» - деп Абай атамыз махаббатпен жаралған адам бойында үш сүйіспеншілік болу керек деп өсиет еткен. Сондықтан, бірнеше діндер тоғысқан, көп ұлтты Отанымызда тыныштық пен бейбітшіліктің сақталуы – сіз бен біздің қолымызда. Бір-бірімізді дінімізге, тілімізге, нәсілімізге қарамай «бауырым» деп сүйсек, адал жолмен жүрсек, аспанымыз ашық болып, мемлекетіміз гүлдене түсері хақ</p> <p>Кері байланыс</p> <p>“Идеялар себеті”</p> <p>Бүгінгі тақырыпта алған мәліметірім.</p> <p>Сабақта қиын болған тұстар.</p>	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийле рімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>А4, конспект</p>				

Қысқамерзімді (сабақ) жоспары-34

Бөлім:	Зайырлылықжәнедінтану негіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	19.17.18.15.16-04-2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтыңтақырыбы	Ислам.Дін ілімі негіздері.
Сабақтыңмақсаты	Ислам дінінің пайда болуы мен оның қалыптасқан ережелерін түсіндіре алады. Оқушылардың басым бөлігі: Исламның таралу территориясы мен басты тарихи оқиғалары туралы сипаттама бере алады .
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне, ынтымақтастыққа баулу

Сабақтыңбарысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ой шақыру -Ислам дінінің таралу тарихы туралы не білесіз?</p>  <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>Мәтінмен жұмыс</p> <p>Ислам (араб тілінде бас июшілік, құлшылық) - үшінші әлемдік, ең жас дін. Мұсылман қауымдары 120 мемлекетке тараған, 35 мемлекетте мұсылмандар саны басым болып, 28 мемлекетте мемлекеттік дін болып</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Оқушы өз жұмыстарының қорытындылар</p>	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Ақпараттық мәтін

	<p>есептеледі.</p> <p>Жалпы тарихи жағынан Ислам VII ғасырда Араб халықтарының алғашқы қауымдық құрылыстан таптық қоғамға өтуі, олардың феодалдық-теократиялық мемлекеттерінің Араб халифатына бірігуі кезеңінде пайда болып немесе осы жүйелердің тездеп өтуінің идеологиялық бейнесі болды.</p> <p>VI-VII ғасырларда Аравия түбегі әр түрлі діни ілімге бай болды. Араб жерінде орын алған, иудаизм және христиан, зороастризм діни ағымдары, сондай-ақ политеистік көзқарастар да исламның идеялық көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізді.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>Исламның пайда болуы мен Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны туралы бейнематериал көрсету. Бейнероликті көру барысында екі жуан, екі жіңішке сұрақ құрастыру.</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Оқулықтағы мәтінді және қосымша материалдарды пайдалана отырып исламның пайда болуы мен таралуының негізгі оқиғаларын тізімге түсіру.</p> <p>Топта исламның пайда болуы мен таралуын 751 жылға дейінгі үш негізгі оқиғаны табу керек.</p> <p>Сыныппен бірге негізгі оқиғаны бағалау критерийін жасау. Қандай жағдайда біз оны негізгі оқиға дейміз?</p>	<p>ын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p> <p>Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сәндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау</p> <p>Мұсылман қауымдары 120 мемлекетке тараған, 35 мемлекетте мұсылмандар саны басым болып, 28 мемлекетте мемлекеттік дін болып есептеледі.</p> <p>Кері байланыс</p>	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийле рімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>A4, конспект</p>

	-Сабақтың қызықты тұстары..... -Сабақта қиын болған тұстары.....	жазады		
--	---	--------	--	--

Қысқамерзімді (сабақ) жоспары-35

Бөлім:	Зайырлылықжәнедінтану негіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	26.24.25.22.23-04-2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтыңтақырыбы	Қазақстан жеріндегі ислам.
Сабақтыңмақсаты	Қазақстандағы ислам діні: исламныңҚазақстанда таралуы туралы мәліметтер
Құндылықтарды дарыту	Өмір бойы білім алу: өзіне қажетті білім алу кезінде білімнің қажеттілігін түсінуге тәрбиелеу

Сабақтыңбарысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Қызығушылықты ояту</p>  <p>Суретке қарап Қазақстандағы Ислам дінінің орнын айту</p> <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>№ 1-тапсырма: Тірек-сызба.</p> <p><u>Түркі-қазақ дүние танымы</u></p> <p>Тәңірге табыну- Көк тәңірі</p> <p>Жер-суға табыну</p> <p>Ұмай анаға табыну</p> <p>Шамандық ғұрыптары</p> <p>Киелі заттарға сену</p> <p>Ерекшелігі Бұған дейін</p> <p>Жаңа тақырып мазмұны:</p> <p>№ 2-тапсырма: Сызбаны толтырыңдар</p> <p>Қандай оқиғалар болды?</p> <p>Исламдану үрдісі 8-9 ғғ жүрді</p> <p>8ғ. Қарлұқтар ислам дінін қабылдады</p> <p>10 ғ. ең алғашқылар болып қараханидтер ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады</p> <p>Христиан церковтер мешіттерге айналды</p> <p>IX-X ғғ. 2-ші жартысынан бастап</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.</p> <p>Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-</p>	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p>

	<p>мұсылмандық жерлеу салттары үстем етті № 3-тапсырма: Бос торларды толтырыңдар Мұсылмандық суниттік бағыттың таралуы Мұсылмандық этика, мәдениеттің таралуы Мұсылмандықтың жергілікті халықтың әдет-ғұрпына икемделіп, сіңісуі № 4-тапсырма: Көшпелілердің дүниетанымы Т-С картасымен жұмыс <u>Ерте замандағы дүниетаным</u> <u>Таным дәстүрі</u> <u>Дәуірден бастап</u></p> <p>№ 5-тапсырма: Оқулықтағы мәтіндерді пайдаланып немесе жоғарғы тапсырмалардың мазмұндарын ескере отырып тапсырманы орындап көр.</p> <p>Таным ерекшелігі</p> <p>Қазіргі дүние танымы</p> <p>Ежелгі дүние таным</p> <p>Құдайға сену</p> <p>Ұмай анаға табыну</p> <p>Тәңірге табыну, Жер-суға табыну Аллаға құлшылық ету Шамандық ғұрыптары Құдайға құлшылық ету Киелі заттарға сену Отқа табыну</p>	<p>бірін толықтырады. Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау Кең далада емін-еркін көшіп-қонған қазіргі Қазақстан термторриясындағы түркі тайпалары арасынан ислам дінін тарату үшін миссионерлер ағылды. Олар көшпенді халыққа күштемей-ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Оларға қазіргі қазақ халқын құраған тайпалар ұстанған дін, исламға көп жағынан кереғар еместей болып көрінді.</p> <p>Кері байланыс.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен нені үйрендім? • Маған не қиын болды? • Не күрделі болды? • Мен енді нені үйренгім келеді? 	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>А4, конспект</p>

--	--	--	--	--

(білім беру ұйымының атауы)

Қысқамерзімді (сабақ) жоспары-36

Бөлім:	Зайырлылықжәнедітанунегіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	26.24.25.22.23-04-2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтыңтақырыбы	Ислам мәдениеті.
Сабақтыңмақсаты	Ислам мәдениеті: сәулет өнерін, қолданбалы өнер, архитектуралық құрылыс жүйелері туралы білімдерін арттыру. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне, ынтымақтастыққа баулу

Сабақтыңбарысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ой қозғау -Кесене туралы не білесіз? - Ислам жазба мәдениетінің ескерткіштері қай жерде орнасаң?</p>  <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>Оқулықтағы мәтінмен жұмыс 1- тапсырмасы _____ ғасырдан бастап сәндік қолданбалы өнерде оюлы және жылтыратылған кірпіштер кеңінен пайдаланылған. (X) Құйрықтөбе қаласын қазған кезде ертедегі _____ орны табылды. (мешіт) Айша бибі ел аузында сақталған аңыз бойынша шамамен _____ ғасырлар</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Оқушы өз жұмыстарының қорытындылар</p>	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Ақпараттық мәтін

	<p>аралығында өмір сүрген ару қыз.(XI-XII) 2 тапсырма Қызылөзен қаласының орнын қазғанда _____ бейнесі бедерленген терракоталық тақталар табылған.(арыстан) _____ діни аңыздар бойынша Қожа Ахмет Йасауидың ұстазы болған.(Арыстан баб) Отырардың екінші моншасы қаланың оңтүстік рабад аумағында, қалаға кіре-беріс қақпадан _____ метр жерде орналасқан. (200)</p> <p>3- тапсырма Бабаджа-қатын кесенесі _____ ғасырларда салынған(X-XI) Шығыс моншасы қазіргі Түркістан қаласында _____ жылдарына дейін жұмыс істеген. (XX ғ 60) Кейбір күмбездердің әшекейленіп жасалуы немесе түскиіздер мен текеметтегі _____ қолданбалы өнердің дамығандығын көрсетті.(оюлар) Сәйкестендіру (Берілген сөздерді сәйкестендіру тапсырылады.)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бабаджа қатын кесенесі а) Түркістан 2. Қажа Ахмет Йассауи в) Тараз 3. Арыстан баб с) Шығыс моншасы 4. Айша бибі д) Шымкент қаласы (Ежелгі Отырар қаласы) 5. Түркістан е) Қарахан <p>Дұрыс жауаптар: 1-В, 2-А, 3-Д, 4-Е, 5-С;</p>	<p>ын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады. Дескриптор:</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сәндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау Тарихы Оңтүстік Қазақстаннан бастап, Қазақстан жерінде исламның таралуы бірнеше ғасырлар аралығына созылды. X ғасырдың соңында ислам Жетісу мен Сырдария өзендерінің отырықшы елдерінде таратыла бастады. Мысалы, Ислам Қарахан Империясында кең тараған. Қазіргі уақытта қазақтардың көбісі өздерін мұсылман деп санайды және діни ғұрыптардың кейбірін сақтайды.</p> <p>Кері байланыс.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен нені үйрендім? • Маған не қиын болды? • Не күрделі болды? • Мен енді нені үйренгім келеді? 	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>А4, конспект</p>

--	--	--	--	--

(білім беру ұйымының атауы)

Қысқамерзімді (сабақ) жоспары-37

Бөлім:	Зайырлылықжәнедінтану негіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	03.08.02.29.30.04-05.2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтыңтақырыбы	Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі
Сабақтыңмақсаты	
Құндылықтарды дарыту	

Сабақтыңбарысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтіңәрекеті	Оқушыныңәрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>«Сыр сандық» ойыны</p> <p>Сандық ішінен сұрақтар алады, жауап береотырып тақырыпты ашамыз.</p> <p>Дін деген не?</p> <p>Діни ұйымдар көппа?</p> <p>Қай дінді ұстанасың?</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>Дін – тарих кезеңдерінің қай қатпарлары болмасын адамзат үшін құнды. Уақыт өткен сайын кейбір діндер деградацияға түсіп жатса, бірі қайтадан жанданып, жаңа бір күш алғандай дамиды. Әрине, бұл құбылыстардың барлығы қоғамдағы діндарлыққа байланысты. Діндарлық – мемлекет пен дін арасындағы саясатқа тікелей байланысты. Егер мемлекет зайырлылық қағидаттарын ұстанса, қауіп төндірмейтін, экстремистік және террористік деп танылмаған діни бірлестіктерге бірдей қарайды немесе кейбір діни бірлестікке ерекше бір мәртебе беріп айқындайды. Кейбір мемлекеттер өзінің саяси бағытын дінмен ұштастырып жатады. Осы бір байланысқа қарама-қарсы идеология – атейстік. Яғни, Құдайға сенбеушілік.</p> <p>Ата заңымыздың 1-бабының, 1-тармағында:</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.</p> <p>Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p>	<p>ҚБ</p> <p>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ</p> <p>«Мадақтау»</p>	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p>

	<p>«Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, діннің мемлекет саясатына араласпайтынын білдіреді. Яғни зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.</p> <p>Зайырлы мемлекеттерде арнайы тіркелген діни бірлестіктердің жұмыс жасауына ешқандай кедергі жоқ. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданған болатын. 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының күшіне енуі, елдегі кейбір діни бірлестіктер қызметінің ахуалын біршама өзгергендігі аталып өтіледі. Осы саладағы туындаған мәселелерді ескере отырып, 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы негізінде діни бірлестіктерді қайта тіркеу 2012 жылдың 25 қазанына дейін жүргізілді. Қайта тіркеу нәтижесінде діни бірлестіктердің саны 32% қысқарды.</p> <p>Діни ұйымдар, діни топтар мен діни бірлестіктер түрінде құрылуы мүмкін. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және жергілікті мемлекеттік органдарда, әскери бөлімдерде, мемлекеттік және муниципалдық ұйымдарда діни бірлестіктер құруға тыйым салына-ды. Сонымен қатар, діни партия құ-руға қатаң түрде тыйым салынады.</p> <p>Діни ұйымдар меншік иесі бола алады. Олар ғимараттарға, жер учаскелеріне, өндірістік, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени-ағартушылық мақсаттарға, діни заттарға ие бола алады. Діни ұйымның меншігі өз қаражаты есебінен сатып алу немесе құру, азаматтардың, ұйымдардың қайырымдылықтары немесе мүлікті мемлекеттен беру арқылы құрылады. Діни ұйымдарға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға және өз кәсіпорындарын құруға рұқсат етіледі. Оның үстіне мұндай</p>	<p>Дескриптор:</p>	<p>сэндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	--	---------------------------	--	---

	кәсіпорындар азаматтық және еңбек заңнамасының нормаларына бағынады.			
Сабақтың соңы	Сабақты қорытындылау Кері байланыс <input type="checkbox"/> Қиын болды... <input type="checkbox"/> Бүгін мен білдім... <input type="checkbox"/> Қызықты болды...	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	A4, конспект

(білім беру ұйымының атауы)

Қысқамерзімді (сабақ) жоспары-38

Бөлім:	Зайырлылық және дінтану негіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	10.15.02.06.14-05-2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға дәстүрлі емес діни культтар, экстремистік және лаңкестік ұйымдар туралы терең білім беру, білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға тақырып ауқымында тың мәліметтер бере отырып білімдерін тереңдету.
Құндылықтарды дарыту	Өмір бойы білім алу: өзіне қажетті білім алу кезінде білімнің қажеттілігін түсінуге тәрбиелеу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ой шақыру - Теріс пиғылды діни ағымдар туралы не білесіз?  Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру	Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	Мәтінмен жұмыс Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізді дамушы және дамыған елдерден ерекшелігі, ол – қоғамдағы діннің нығаюы мен елдегі діни ахуалдың тұрақты болуы. Соңғы жылдары еліміздің діни ахуалына талдау жасау барысында, халқымыздың сексен пайызға жуығы асыл дініміз исламды ұстанып, дінге бет бұрып жатқандығы және олардың басым бөлігін жастар құрайтыны белгілі болды. Бір	Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Ақпараттық мәтін

	<p>жағынан – бұны жақсы хабарға баласақ, екінші жағынан – дәстүрлі дінімізбен мүлдем үйлеспейтін кейбір сан алуан пікірлер мен ұстанымдардың салдарынан туындайтын түрлі келеңсіз жәйіттер алаңдатады.</p> <p>Осыған орай, еліміздің жарқын болашағын қалаушы – жас ұрпақтарымыздың санасын улап жатқан жат ағымдардың мән-мағынасын, әсер ету жолдары мен тигізер зияндарын ашып көрсетіп, оларға қысқаша тоқталуды мақсат еттік.</p> <p>Дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті немесе теріс пиғылды діни ағымдар деп атайды. Яғни, «деструктивті» деген сөз латын тілінен «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді. Жалпы айтсақ, діннің атын жамылған жат ағымдардың/топтардың мүшелері діни сауаты төмен, әлеуметтік тұрмысы нашар жастарымызды өз қармақтарына түсіру үшін өздерін ақиқат жолындағы шынайы діндарлар етіп көрсетіп, Отанына, отбасына және ата-бабамыз ғасырлар бойы дәріптеген дәстүрлі дінімізге, қалыптасқан салт-дәстүрімізге күдік келтіріп, қарсы қояды. Тіпті, өздерінің істеген істерін және сөйлеген насихат сөздерін дәлелдеу мақсатында Қасиетті Құран мен хадистерден мысал келтіріп, жастардың санасын улап, жат идеологиясын таратады. Бұл деструктивті ағымның радикалды идеологияны таратудағы мақсаты екі түрлі: бірінші – заңсыз жолмен пайда табу; екінші – мемлекет мүддесіне нұқсан келтіріп, билікті басып алу.</p> <p>Бүгін де, асыл дінімізбен мүлдем жанаспайтын жат ағымдар жетегінде кеткен қаншама қандастарымыз өз жақындарынан, достарынан теріс айналып жатқаны баршаға мәлім. Мұндай түрлі жат ағымдардың жетегіне ерген жас азаматтарымыз балаларына тиісті медициналық екпе ектіруден бас тартып, мектептегі сабақтарын тастап, мектеп жасындағы ұл-қыздардың музыка тыңдауына – қарсылық білдіріп, мемлекеттік әнұранды тыңдауды және туға құрмет көрсетуді харам дейтіндер де бар. Осындай бір ағымдардың теріс пиғылды уағыздарының салдарынан еліміздегі кейбір ұл-қыздарымыз отбасы мүшелерінен, үй-меншіктерінен айырылып, түрлі психикалық ауруларға шалдығып, өз-өзіне қол салып, әр түрлі жағымсыз жағдайларға тап болып жатқандарын да жоққа</p>	<p>алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p> <p>Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	--	---	--	---

шығаруға болмайды.

Айта кетерлік жәйт, деструктивті ағымдардың жетегінде кеткен жастарды, жалпы адамдарды қоғамға қайтару аса қиынға соғады. Себебі олардың сана-сезімдерін уландырғаны соншама, олар кірген жат ағымның «көсемі» не айтса, соны екі етпей орындайтын жанды роботқа немесе сарбаздарға айналады.

Осындай қателіктерге жастарымызды ұрындыратын ең басты себеп – ара жікті ажырата алмау салдарынан ғаламтор кеңістігіндегі түрлі жат ағымдардың сайттарына кіру, діни сауатсыздық, отбасындағы жанжалдар мен келіспеушіліктер және тәрбиенің жеткіліксіздігі.

Қазіргі таңда, уәкілетті мемлекеттік органдардың деструктивті ағымдарға қарсы белсенді күрестері мен алдын алу шаралары нәтижесінде көптеген радикалды сайттарға тосқауыл қойылып жатыр, сондай-ақ еліміздің түрлі оқу орындарында жас өспірімдердің діни сауатын арттыратын арнайы ақпараттық-насихаттау жұмыстары мен оқу-ағартушылық сабақтары өткізілуде. Сонымен қатар, ҚМДБ-ның және ҚР МСМ Дін істері комитетінің бастамасымен әр алуан ағартушылық сайттар мен порталдар іске қосылды, әр қилы деструктивтік ағымдардың салт-дәстүрімізге, дінімізге және ділімізге тигізетін зардаптары жайлы тиісті органдар мен дін өкілдерінің қатысуымен республикалық және аймақтық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында (телеарналарда, газеттерде және т.б.) арнайы сұхбаттар жүргізілуде.

Қандай белгілері бар екені турасында қысқаша тоқталайық.

Біріншіден жаңадан ұйымға кірген адам белгілі дәрежеде сол топтың мүшелерінің психологиялық қысымына ұшырайды. Ол осы жерде дәстүрден тыс діни ағымдардың «махаббатына бөленеді». «Құдай сені жақсы көреді, сен асқақ арман-мақсаттарды бағындыратын таңдаулылардың бірісің. Бізден басқа әлемнің барлығы дінсіз, күнәға белшесінен батуда» деген сияқты нәрселерді құлағына құяды. Топтасып ән шырқау, бір-бірімен төс қағыстырып құшақтасу, мадақтау сияқты кішкентай балаларды алдайтын тәсілдердің барлығы ұйымда кеңінен қолданылады. Сөйтіп, діни таным түсінігі қалыптаса қоймағандар арасында осындай «бақытты отбасының» бір мүшесіне айналуға

деген құштарлығы күшейе түседі. Екіншіден, дәстүрден тыс діни ағымдар мүшелері қоршаған ортасынан іргесін аулақ салып, өз бетінше бөлек өмір кешеді. Ал қоғамнан қол үзген адамның уақыт өте келе «ұстазының» айтқандарының анық-қанығына ой жүгірту, оны шынайы өмірмен салыстыру мүмкіндігінен айырылатыны түсінікті жәйт. Үшіншіден, қауіпті діни ұйымдарда мүшелерінің ойлау қабілетін тежейтін түрлі әдістемелер қолданысқа ие. Мәселен, бір сарынды әндерді жиі шырқату, бір қимылдарды үнемі қайталатудың ақыры адамды психологиялық тәуелділікке ұрындырады.

Төртіншіден, «отбасында құпия болмау керек» дегенді желеу еткен «ұстаз» «шәкіртіне» жасаған күнәларын мойындатып, арылуға «көмектеседі». Ішкі сырларын жайып салғаннан кейін өзін күнәһар жан ретінде сезінген шәкірттің бойында қорқыныш, үрей күшейе түседі.

Бесіншіден, рухани тұрғыда шынығу үшін ұйқыдан бас тартқандар мадақталады. Тоя тамақтанбау рухани тұрғыда жетілуге көмектесетін диета деп саналады. Сондай-ақ, ұйымға жаңадан қосылған жандардың оңашада ой қорытуына мүмкіндік бермеу үшін ұйымның өзге мүшелері оны ешқашан жалғыз қалдырмайды. Осылайша, дәстүрден тыс діни ұйым санатына қосылған жан аз уақыт ішінде ой-санасы өзгерген, мүлде басқа кейіптегі адамға айналады.

Дәстүрден тыс діни ұйым шырмауына ұшыраған адам өзін қалай сезінеді? Ол адамның көкірек көзі ашылып, ақиқатқа көз жеткізгендей, Құдайдың нұрын сезінгендей күй кешіп, бойында жаңа психологиялық қасиеттер дами бастайды. Қарапайым тілмен айтар болсақ, дәстүрлі емес діни ұйымдардың алдап-арбауының салдарынан сәби қалпына қайта оралғандай күй кешеді. Ол өзінің бұрынғы қадір-қасиеттерін тәрк етіп, сол ұйымдарға ұнамды бейнені қабылдайды. Уағызшыларының айтқаны ол үшін бұлжымас қағидамен тең болады.

Тапсырма

Кестемен жұмыс

Дін ағымдардың пайда болуы	Теріс пиғылды діни ағымдарды	Оның зардаптары
-----------------------------------	-------------------------------------	------------------------

		ң ортаға тигізетін әсері			
	Қорытынды ой				
Сабақтың соңы	<p>Сабақты қорытындылау Өкінішпен мойындайтын жәйт – бүгінде Қазақстанда дін әу бастағы міндеті – біріктіруші фактор болудың орнына керісінше жік-жікке бөлінуге, тіпті, араздыққа жол берді.</p> <p>Кері байланыс.</p> <p>Бұл сабақты мен қалай түсіндім? Өзім турал не білеміз? Сабақ сендерге ұнады ма? Сабақты жақсы оқу үшін не істеу керек?</p>		Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	A4, конспект

(білім беру ұйымының атауы)

Қысқаш мерзімді (сабақ) жоспары-39

Бөлім:	Зайырлылық және дінтану негіздері
---------------	--

Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	17.22.16.13.21-05-2024
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қазақстан–унитарлық және зайырлы мемлекет.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға тың мәліметтер бере отырып унитарлы және зайырлы мемлекет ұғымдарын түсінеді
Құндылықтарды дарыту	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы: Еңбек өнімділігін арттыру, қоғам, мемлекет еңбек арқылы дамитынын түсіндіреді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Миға шабыл стратегиясы бойынша үй тапсырмасын қайталау</p> <p>Сұрақ жауап</p> <p>1 Дін туралы не білеміз?</p> <p>2 Діннің қалыптасу кезеңін ата</p> <p>3 Діни ұғымдар</p> <p>4 Діни ағымдар</p>  <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтаус эндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер
Сабақтың ортасы	<p>Қазақстан - зайырлы мемлекет! Себебі, мемлекет пен дін өзінше бөлек, автономды өмір сүреді, мектеп діннен ажыратылған. Мемлекеттің қарекеттері азаматтық заң нормаларымен реттелінеді де дін істеріне араласпайды. Ал діннің тіршілігі діни нормалармен реттелінеді, мемлекет жұмысына араласпайды. Адам, азамат қандай көзқарас, наным не сенім ұстанамын десе де өз еркі. Конституцияда көрсетілген ар мен ұждан бостандығы талаптары адамды сеніміне және</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында</p>	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Ақпараттық мәтін

	<p>көзқарасына байланысты қудалауға тиым салады. Яғни, дін заңмен қорғалады. Алайда дін нормалары мен тәжірибесі азаматтық заң нормаларына қайшы келмеуі керек. Дін саясатпен шұғылданбауы тиіс. Бір сөзбен айтқанда құрылымдары мен институттары Конституциямен баянды етілген мемлекет жұмысына дін ешбір кедергі келтірмеуі тиіс. зайырлылық дегеніміз дінсіздік емес, ол – гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығын жүзеге асыруды қолдайтын, дүниетанымдық еркіндікті, рухани саладағы ой-сананың көптүрлілігін мойындайтын, адамгершілік-өнегелілік және құқықтық құндылықтарға негізделген әмбебап жүйе. Сондықтан діни таным да зайырлы дүниетанымның бір бөлігі болып табылады. Зайырлылық ұғымы “лаицизм – грек тіліндегі “лаикос”- халықтық, бұқаралық деген мағынаны білдірсе, француз тілінде “лаиците”- діни емес, яғни, ”лаику”- зайырлы дегенді білдіреді .</p> <p>Бүгінгі қазақ тіліндегі “зайырлы”, ”зайырлылық” сөзі- “заһир”, яғни, анық, ашық деген мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз. Бұл сөзді алғаш рет өткен ғасырда Алаш қайраткерлері “Алаш мемлекетін” құруда өз заңнамаларында қолданды. Олар бұл сөзді</p> <p>1) Ашық, нақтылық;2) адами, адамдық, өркениеттік;3) азаматтық деген мағыналарда қабылдады.</p> <p>Зайырлыжүйедедінибілімге де, дінтанулықбілімге де тыйымсалынбайды. Керісінше, еліміздіңзаңнамаларыаясындадінижәнедінтанулыҚазақстанРеспубликасыныңКонституциясындадінмемлекеттенбөлінгенделінбеген.</p> <p>«Дінисенімбостандығыжәнедінибірлестіктертуралы» ҚазақстанРеспубликасыныңзаңының 4-бабында</p> <p>«Дінибірлестіктермемлекеттенбөлінген» — делінген. Ал Конституция заңыныңбіріншібабындаҚазақстан «зайырлы» мемлекетдепжариялаған.</p> <p>Демократиялыққоғамдадінміндеттімемлекетті кмәртебегеиеемес, бірақоныңөзорны бар.</p> <p>Конституциямыздың 5-бабында:</p> <p>«ҚазақстанРеспубликасындаидеологиялықжән есаясиәралуандылықтанылады», — делінген.</p>	<p>қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p> <p>Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сәндвичі»</p> <p>ҚБМұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	--	---	---	---

Дін тек идеология ғана емес, дегенмен, Конституцияның бұл тұжырымы дүниеге деген әртүрлік көзқарастың (идеологияның) заңалдында теңдігін, бірақ ешқайсысының анық міндетті еместігін көрсетеді.

Конституцияның бұл бабынан экстремистік, радикалды кемесидеологиядан басқалар, діни де, атеистік те көзқарастар мәдени өмірімізде, бұқаралық ақпарат, сондай-ақ азаматтардың қалауына байланысты меншікті рінге қарамастан оқу орындарында ағыздалуы мүмкіндігін байқаймыз. Әрине, бүгін Конституция берген бұл мүмкіндікті толық пайдалана алмай отырмыз.

Қазақстанда дінтану пәні факультативтік негізде немесе міндетті емес пән ретінде енгізіле бастады. Ал жоғары оқу орындарында тек Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтында барлық мамандарға міндетті пән ретінде енгізілді.

Мемлекетімізде іштей атеизмнің әлі тұғыры берік.

Сырттан таңылып жатқан пікірді қолдай жөнеліп, елімізде ислам тымасқынып бара жатыр, мешіттер тым көбейіп кетті, қалаларда діни рәміздер басым, бұл зайырлы мемлекетке сәйкес емес деушілер көз деседі.

Осылай мемлекетіміз клерикалданып немеседіңге бой ұсынып бара жатыр деп те айтушылар бар. Елін, рухани дәстүрін сыйлайтын зайырлы мемлекетте рде бұндай сөздерді ашық айтуға бармайды, оны әдепсіздік санайды, ал олар де діни ғибадатханалар, ай мен крестер де баршылық.

Конституцияның 22-бабындағы «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», 14-бабындағы «дінге көзқарасына» байланысты «ешкімді кемсітуге болмайды» деген қағидаларына сәйкес мемлекет: азаматтардың дінге қатынасына, дін таңдауына, балаларының да дін таңдауына араласпайды; мемлекеттік органдардың жұмысында ни бірлестіктерге жүктемейді; діни бірлестіктерді қаржыландырмайды; діни бірлестіктердің жұмысына, егер олар заңға қайшы болмаса, араласпайды; әртүрлі діндегі немеседіңгесен бейтін адамдардың, діни бірлестіктердің өз арасында ыластықта,

төзімділікте болуына ықпал етеді.
 Ал діни бірлестіктер:
 мемлекеттік биліктің қызметін атқармайды және
 мемлекеттік органдардың жұмысына араласпайды;
 саяси партиялардың жұмысына қатыспайды,
 оларға қаржылай қолдау көрсетпейді;
 мемлекеттің заңнаматалаптары мен
 хұқық тәртібін сақтауға міндетті.

Осыған сәйкес мемлекетіміз "зайырлы"
 қағидасын есепке алады. қ
 білім берудің өзіндік мүмкіндіктері жасақталған
 1-тапсырма

Венн диаграммасы арқылы дін мен
 Мемлекеттің ара қатынасын анықтау
 2-тапсырма

1. Сөйлемге тиісті сөздерді жаз:

А) Біздің Республикамызда, негізінен, екі дін
 дәстүрлі сипатқа

ие:.....

В) Зайырлылық ұғымы «лаицизм» грек
 тіліндегі.....мағына
 ы білдірсе, француз
 тілінде.....дегенді
 білдіреді.


С) Қазақ тіліндегі «Зайырлы, зайырлылық
 сөзі.....деген
 мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз.

Д) Алаш қайраткерлері зайырлылық сөзді:

Е) Зайырлылық деген

3-тапсырма. Қалпына келтір:

А) Н.Ә.Наз арбаев	1. «Мемлекет институттың діни емес негізінде басқарылуы тиіс» Қайырымды ел қозқарастарының төркінірисалары нда.
В) Әль Фараби	2. «Біз бұқарасанасындағы діңшілікті нартуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ»
С) Мұхамм ед Дулат и	3. «Жалпы діні өзінің негелі қақиқа ттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз ақбізге қауіп төндіретіні дін и біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны»

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау Қазақстан - зайырлы мемлекет! Себебі, мемлекет пен дін өзінше бөлек, автономды өмір сүреді, мектеп діннен ажыратылған. Кері байланыс сұрақ-жауап) (3 мин) Бұл сабақты мен қалай түсіндім? Өзім турал не білеміз? Сабақ сендерге ұнады ма? Сабақты жақсы оқу үшін не істеу керек? Бағалау парақшаларын толтыру. Смайликтер арқылы кері байланыс орнату</p> 	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>А4, конспект</p>
-----------------------------	--	---	--	---------------------


(білім беру ұйымының атауы)

Қысқашерзімді (сабақ) жоспары-40

Бөлім:	Зайырлылық және дінтану негіздері
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Қанаева С.М.
Күні:	24.22.23.20.21-05-2024
Сынып:	Қатысушылар саны:

	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қазақстанның дінаралық келісіммен татулық аясындағы саясаты
Сабақтың мақсаты	Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы терең мағлұмат беру
Құндылықтарды дарыту	Өмір бойы білім алу: өзіне қажетті білім алу кезінде білімнің қажеттілігін түсінуге тәрбиелеу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>«Еркін жауап» стратегиясы.</p> <p>— Бүгінде облысымызда қанша діни ұйым бар екендігін білесіңдер ме?</p> <p>— Қаншағибадат нысандары бар?..</p> <p>— Облысымызда шетелдік миссионерлер бар ма?</p> <p>«Қазақстан – дінаралық келісім аймағы» деген сөз орамын қалай түсінесіңдер?</p>  <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	<p>ҚБ «Мадақтаус эндвичі»</p>	<p>Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер</p>
Сабақтың ортасы	<p>Мәтінмен жұмыс</p> <p>Дін саласындағы мемлекет саясатының негізгі мақсаттары:</p> <p>— дініне қарамай, ар-ождан мен дін еркіндігі және әркімнің құқықтары мен бостандықтары теңдігі кепілдерін қамтамасыз ету;</p> <p>— діни бірлестіктердің еркін қызметіне құқықтық тәртіп орнату;</p> <p>— діни бірлестіктердің өзара бейбіт қызметін қолдау, әртүрлі дін сенушілер арасыдағы, сенушілер мен сенбейтіндер арасында өзара түсінісушілік пен санасушылықты қолдау;</p> <p>— қазақстандық қоғамның бірлесуі мен</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды. Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p>	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p>

	<p>тұрақтылығына, рухани имандылық байлығын сақтап, нығайтуға қолдау көрсету;</p> <p>— ғаламдану жағдайында конфессия аралық қарым-қатынастардың жақсаруына қолдау көрсететін рухани және мәдени байланыстарды сақтау мен нығайту.</p> <p>Дін саласындағы мемлекет саясатының негізгі қағидалары:</p> <p>Діни ұйымдарды мемлекеттен айыру қағидасына сәйкес, мемлекет пен діни бірлестіктер мынадай шарттарды орындайды:</p> <p>— мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауы;</p> <p>— мемлекеттің діни бірлестіктерді қаржыландырудан бас тартуы;</p> <p>— мемлекеттік діни немесе атеистік идеологияның, мемлекеттік (міндетті) діннің немесе мемлекеттік (міндетті) діни бірлестіктің жоқтығы;</p> <p>— мемлекеттің діни, дінге қарсы, атеистік ойлар мен ағымдарды насихаттаудан бас тартуы;</p> <p>— мемлекеттің азаматтар дінге көзқарасын бақылаудан және азаматтарды дініне қарай есепке алудан бас тартуы;</p> <p>— діни бірлестіктердің мемлекет істеріне араласпау, оларға қайсыбір мемлекеттік міндет атқаруына, сонымен бірге, діни бірлестіктердің саяси партиялар мен қозғалыстар қызметіне қатысуға тыйым салу.</p> <p>Ар-ождан мен дінге сену еркіндігін қамтамасыз ету қағидасына сәйкес, мемлекет әркімге:</p> <p>— адам және азаматтың дінге көзқарасы, діни немесе діни емес бірлестіктерге қатысуына қарамастан, құқықтары мен бостандықтары теңдігін;</p> <p>— діни, діни емес (индифферентті) және атеистік көзқарасын еркін таңдау құқығын;</p> <p>— өз діні мен наным-сенімін өзгерту, жеке басымен немесе басқалармен бірге, ашық не жеке түрде еркін сену немесе ұстану, ілімде, ғибадат жасау мен діни және салттық дәстүрлерді орындауда еркін болуын;</p> <p>Мағынаны ашу» (тәуелсіз зерттеу)</p> <p>1- тапсырма: Діни келісім – бірлік пен тұрақтылық кепілі.</p> <p>2- тапсырма: Ұлтаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі.</p>	<p>қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p> <p>Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тындап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	---	--	--	---

3- тапсырма: Қазақстан Республикасының Президенті
Ой толғаныс



- Елбасы Н.Ә.Назарбаев қандай бітімгершілік бастамасын көтерді?
 - Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделінің ерекшелігі немен айқындалады?
 - Астанадағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің мәні неде? Неліктен дәл Астана рухани көшбасшыларының кездесуінің орнына айналды?
- «Қазақстан – дінаралық келісім аймағы» деген сөз орамын қалай түсінесіздер?

Екі жақты күнделік

Кітаптағы ой	Менің қосарым

Сабақтың соңы

Сабақты қорытындылау
Дін саласындағы мемлекет саясатының негізгі мақсаттары:
— дініне қарамай, ар-ождан мен дін еркіндігі және әркімнің құқықтары мен бостандықтары теңдігі кепілдерін қамтамасыз ету;
— діни бірлестіктердің еркін қызметіне

Кері байланыс.

- Мен нені үйрендім?
- Маған не қиын болды?
- Не күрделі болды?
- Мен енді нені үйренгім келеді?

Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады

Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды

A4, конспект